

Ахметалиева Г.У.,
Бураханова Қ.С.

**Инновациялық үрдістің негізі –
жаңалықтарды қалыптастыру,
қолдану, жүзеге асыру**

Мақалада білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің маңыздылығы және қазіргі жастардың инновациялық технологияларды меңгере білуінің маңыздылығы туралы жазылған. Қазақ тілінің оқыту жүйесін жетілдірудің, жаңартудың ұстанымдары айтылған. Студенттерге білім беруде жаңашыл технологияларын қолдану инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуде. Оқытушының шығармашылық ізденуі, оқытуда жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруі кәсіби құзырлығының жоғары деңгейде болуы қажет. Қазіргі кезде белгілі бір білім көлемімен қамтамасыз ету жеткіліксіз. Студентті білім алуға, оқуға, үйретуге көп мән берілуі тиіс. Ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін қолдану студенттердің қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасын көтеруге тікелей әсер етеді.

Түйін сөздер: инновациялық технология, ақпараттық технология, құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, білім, білік, тілдің дамуы, дағды, құзырлылық.

Ahmetalieva G.Y.,
Burakhanova K.S.

**Forming, using and introduction
to life is the idea of innovative
technologies**

This article considers the vital peculiarities and methods of innovative technologies in educational process, as well as the effectiveness of their implementation. The article tells about renewing and improvement of educational system and the importance of innovative technologies for young people. Teaching the Kazakh language needs to be improved and updated. Students must be provided by all the necessary conditions to work with innovative technologies. The teacher must be aware of innovative technologies, to develop himself. Nowadays it is not enough to be a specialist in one sphere. The student must get knowledge, learn and acquire the skills. The information technologies allows students to find the necessary knowledge to be aware of any innovations and to become a good specialist.

Key words: innovative technologies, information technologies communicative competence, knowledge, skills, language development, skills and competence.

Ахметалиева Г.У.,
Бураханова Қ.С.

**Формирование новостей,
их использование и внедрение
в жизнь – это суть
инновационных технологий**

В статье рассмотрены основные особенности и методы использования инновационных технологий в учебном процессе. А также описывается эффективность их внедрения. Статья посвящается обновлению и усовершенствованию образования и тому, что современной молодежи необходимо знать об инновационных технологиях. Также говорится о принципах усовершенствования и развития преподавания казахского языка. Для студентов должны быть созданы условия для работы с инновационными технологиями. Преподаватель должен быть знаком с инновационными технологиями, эрудирован и постоянно повышать свой профессиональный уровень. В настоящее время недостаточно быть специалистом только в одной сфере. Нужно создать все условия для получения студентом знаний и приобретения навыков. Информационные технологии напрямую влияют на получение необходимых знаний студентами и повышение уровня образования в целом..

Ключевые слова: инновационные технологии, эффективность, внедрение, получение знаний, информационные технологии.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТІҢ НЕГІЗІ – ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ҚОЛДАНУ, ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Жаңалық енгізу кез келген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады.

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, енуде [1].

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты – оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындай түседі.

Инновациялық процесс, ол барлық динамикалық процесстерді қамтып, жаңалық аймағында процессуалдық аспектілердің, барлық жаңалықтардың өзгеруіне байланысты. Қоғамның жедел жаңаруы үшін білім саласының, әсіресе қоғам үшін болашақ мамандарды даярлайтын жоғары кәсіби білім беру жүйесі жедел жаңаруы керек. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді.

Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазақ тілінің оқыту жүйесін жетілдірудің, жаңартудың ұстанымдары мынадай болып келеді:

1. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартуды қазіргі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкестендіру.

2. Білім берудің жаңа педагогикалық парадигмасы.

3. Оқытудың белгілі бір нәтижеге бағыттала жүргізілуі.

4. Оқытудың әдістемелік жүйесін жаңартудың негізі етіп білімнің жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді ұштастыру [2].

Әрине, бұл ұстанымдардың барлығы да білім беру жүйесін жетілдіруде, жаңартуда маңызы зор.

Мемлекеттегі оқу-білімді жетілдіру және инновациялау мемлекеттің дамуының шешуші факторы болып табылады. Бұл даму факторының басымдықтары қазіргі заманғы білім мен озық ғылымды дамыту болып табылады.

Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелек, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, ұстаз үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын білгір мәселелер бүгінгі таңда әлі нақтыланып белгілі бір жүйеге түспеген дүние.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының басты міндеті – бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындау екендігі белгілі. Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Сол талаптардың маңыздыларының бірі – педагогикалық үдерісінде инновациялық іс-әрекет жүргізу қажеттілігі. Бұл мәселеге келгенде, Қазақстанның жоғары білім жүйесі сәтті реформаны жүзеге асырып үлгерді. Бүгінгі білім саласына енгізілген үш саты-

лы білім беру, кредиттік жүйе, білім саласына мемлекет қана емес, жалпы қоғамның араласуы – инновациялық реформалардың бастапқы жемісі. Бүгінгі таңда әлемдік бәсекеге қабілетті кәсіби даярлығы жоғары, өз білімін ұдайы жетілдіріп отыратын, шығармашыл, ізденімпаз, инновациялық даярлығы қалыптасқан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын маман даярлау басымдықтар биігіне көтерілді.

Қазақстанда білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерін Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Нұрахметов, С.Н. Лактионова, Е.З. Батталханов, Қ.Қ. Қадашева, Т.О. Балықбаев, Ж.А. Қараев, Г.К. Нұрғалиева, К. Бұзаубақова, С.Д. Мұқанова, Н.И. Хван, Л.Е. Румянцева, З.У. Имжарова, М.М. Мұқаметқалиқызы және т.б. педагоғалымдар зерттеген.

Қазіргі білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқытушының сабақ берудегі басты міндеті тіл үйренушіге тек оқу материалын ғана үйрету емес, оған өз бетінше оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудың жолдарын көрсету болып табылады.

Медициналық жоғары оқу орындарында студенттерге қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты студенттердің сөйлеу икемділігі мен дағдыларын практикалық тұрғыдан меңгерте білу. Қазақ сөзінің құдіреттілігін, сырын сезіндіру, тіл үйрену-ге ынталандыру.

Сабақ берудің жаңа технологияларын меңгере отырып, әр түрлі әдістерді пайдаланып, білім сапасын арттыруға тырысамыз. Жаңа әдіс-тәсілдердің ерекшелігі – жеке тұлғаны қалыптастыруда, өз бетімен жұмыс істей алуда, шығармашылыққа баулуда ерекше рөл атқарады. Тіл сабақтары эстетикалық, адамгершілік, еңбек және патриоттық тәрбие беруде өте маңызды болғандықтан, ұстаздан терең білімді, ізденушілікті, қажырлықты талап етеді. Өздік жұмыс

студенттің өз ойын, қиялын дамытып, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырады.

Инновацияның қажеттілігі сыртқы себептермен де анықталады, мынадай бірқатар себептерге байланысты: адамдардың мұқтаждылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, мектеп оқушыларының білімге, дағдыға, шеберлікке деген ұмтылысы, жоғары сапалы білім алуға жеке тұлғаның дамуы. Технологияны ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана мектеп өз бағытын нығайта алады.

Жоғары оқу орындарының жаңа кезеңде алға қойып отырған міндеттерінің бірі – кәсіптік білімі мол, өмірлік іс-тәжірибесінде алған білімдерін шығармашылықпен қолдана білетін білікті кадрлар даярлау. Студенттерді болашақ мамандықтарын игеруіне тәрбиелеуде тек дәрісханалық жұмыстарымен ғана шектелмей, өзіндік жұмыстарды да түрлендіріп отыру – студенттердің терең білім алуына, кәсіби шеберліктерінің шындалуына, ақыл-ойының ұшталуына септігін тигізеді.

Сапалы ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар студенттердің үлгерімін жақсартудың бірден-бір кепілі.

Егемен еліміздің экономикасы мен саясатының, білім мен ғылымның тұтқасын өзге емес, өз еліміздің азаматтары ұстауы керек. Оның негізі бүгін қалануы тиіс. Бұл міндетті шешетін – болашақ қазақ мектебі. Құрғақ қиялдан болашаққа нақты ұсыныс керек [3].

Жылдан-жылға мемлекетіміздің жастары білімді жетілдіруге, әсіресе шетелге барып дәріс алуға, тілді игеру мақсатын көздейді, ол біздің мемлекетіміздің бәсекеге қабілетін арттыруына зор үлесін қосады.

Қазіргі кезде өндірістерді автоматтандыру, жаһандық ақпараттық желілер және жоғары жылдамдықтағы көлік жүйелерін жүргізу немесе басқару үшін өзге тілді меңгеру қажет.

Орыс тілді дәрісханадағы студенттердің мемлекеттік тілде сөйлеу дағдысын дамыту, ауызша қарым-қатынас жасау кезінде коммуникативтік тілді қолданулары үшін сөздік қорларын байыту, тіл байлығын жетілдіреді, танымдық қабілетін ұлғайтады, пәнге қызығушылығын арттырады, өз ойларын жүйелі түрде айта алуға машықтандыру үшін мәтіндермен жұмысты түрлендіру керек.

Өз ғылыми-технологиялық ресурстарымызды дамыту үшін біз жоғары технологиялардың халықаралық бизнесіне қатысу жөнінде бастамашылық танытуға тиіспіз. Бәсекеге қабілетті технологиялар инновациялық экономиканың өзегі ретінде өздігінен пайда бола қалмайды. Бұл ұзақ үдеріс – ғылыми зерттеулердің, күрделі де шығынды эксперименттердің, ақыр аяғында, ғалымдардың идеялық нұрлануының қиындықпен келетін жемісі. Бұл үшін бізге елдің ғылыми-техникалық әлеуетін жұмылдыруды жеделдету, ресурстарды, ғылымды дамытудың таңдап алынған басым бағыттарына шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске белсенді ендіру үшін жағдайлар туғызу қажет. Жаңа ғылыми-техникалық бағыттар – биотехнологиялар, нанотехнологиялар, ғарыштық қызмет пен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бұлар отандық және трансұлттық бизнеспен әріптестік жағдайында нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігіміз бар салалар. Нақ осы бағыттар бойынша бізге таяудағы болашақта мыңдаған жоғары білікті мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болып отыр.

Көптілді білу – өнер-білімді, ғылымды, мәдениеттің гүлденуін, мемлекеттің экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өресімен таныстырады. Ал мәдени өре, рухани талғам деген халықтың ақыл-ойының көрінісі – тілге тікелей тәуелді екені белгілі. Әрбір елдің, халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты.

Әдебиеттер

- 1 Даулетбекова Ж., Раев Қ., Қыдырбаев Ө. Қазақ тілі. – Алматы, 2007. – 80 б.
- 2 Қоянбаева С. Танымдық қызығуды белсендіру // «Қазақстан мектебі». – №6. – 2003. – 12 б.
- 3 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі. – Алматы, 2001. – 35 б.

References

- 1 Dauletbekova Zh., Rayev K., Kydyrbayev O. Kazak tili. – Almaty, 2007. – 80 b.
- 2 Koyanbayeva S. Tanymdyk kyzygudy belsendiru. «Kazakstan mektebi». – №6. – 2003. – 12 b.
- 3 Kadasheva K. Zhanasha zhangyrtyp okytudyn gylymi adistemelik negizderi: ozgetildi dariskhanalardagy kazak tili. – Almaty, 2001. – 35 b.